

Арыс қалалық мәслихатының 2022 жылғы 15 қарашадағы № 29/153-VII "Арыс қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Түркістан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2023 жылғы 28 қыркүйектегі № 8/52-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 29 қыркүйекте № 6367-13 болып тіркелді

Арыс қалалық мәслихаты ШЕШІТІ:

1. Арыс қалалық мәслихатының "Арыс қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" 2022 жылғы 15 қарашадағы № 29/153-VII (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30577 болып тіркелді) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1, 2-қосымшалары осы шешімнің 1, 2-қосымшаларына сәйкес жана редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арыс қалалық мәслихат төрағасы

К. Ахметов

Арыс қалалық мәслихатының  
2023 жылғы 28 қыркүйектегі  
№ №8/52-VIII шешіміне қосымша

Арыс қалалық мәслихатының  
2022 жылғы 15 қарашадағы  
№29/153-VII шешіміне қосымша

### Арыс қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік тұрғын үй құрылышы бағдарламасы шенберінде ипотекалық тұрғын үй қарыздарын пайдалана отырып, азаматтардың тұрғын үйді меншігіне алу құқығын іске асыру үшін Арыс қаласында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері:

1) әлеуметтік көмек түрінде, бастапқы жарна сомасының 10% мөлшерінде, бірақ 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден аспайтын мөлшерде;

2) әлеуметтік қолдау түрінде, бастапқы жарна сомасының 10% мөлшерінде, бірақ 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден аспайтын мөлшерде айқындалсын.

Тұрғын үй сертификатының сомасы әрбір алушы үшін 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден аспайтын бірынғай мөлшерде айқындалады.

Арыс қалалық мәслихатының

2023 жылғы 28 күркүйектегі  
№ №8/52-VIII шешіміне 2 қосымша

Арыс қалалық мәслихатының  
2022 жылғы 15 қарашадағы  
№29/153-VII шешіміне 2 қосымша

## **Арыс қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі**

### **1. Ұлы Отан соғысының ардагерлері;**

1) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер;

2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері;

3) 1 және 2 топтардағы мүгедектер;

4) мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары;

5) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр тұрлерімен ауыратын адамдар;

6) жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер;

7) кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

8) қандастар;

9) экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар;

10) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар;

11) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметтің орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары;

12) толық емес отбасылар;

13) мемлекеттік қызметшілерге, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге, ғарышкерлікке кандидаттарға, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдарға;

14) "Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы" "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 20 мамырдағы №161 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №32546 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес қалыптастырылатын еңбек ресурстарының болжамын ескере отырып, еңбек жұмыспен қамту статистикасы бойынша статистикалық байқауларды талдау негізінде денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт салаларында еңбек қызметтің жүзеге асыратын сұранысқа ие мамандар".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК